

ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Январь - декабрь 2022 г.



1 133,4
МЛРД ТГ

+25,6%

млрд тг



101,3%
ИФО



\$192,4 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 34%
ОТП 66%

\$3,1
МЛРД

РЫНОК


\$1 153,1 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-ноябрь 2022 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-ДЕКАБРЬ 2022 Г., МЛРД ТЕНГЕ



Құрылыс материалдарының өндірісі саласы бойынша 2022 ж. қаңтар-желтоқсанға арналған инфографикаға түсіндірме

Еліміздегі құрылыс материалдары өндірісінің көлемі 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда 1 133,4 млрд теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2021 жылғы осы кезеңнен 25,6% жоғары (902,7 млрд тг.).

Өнімнің физикалық көлемінің индексі 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда 101,3% құрады. Заттай көріністе өсу төмендегі тауарлар бойынша байқалады: отқа төзімді бұйымдар (+17,3%); керамикалық отқа төзімді емес кірпіштер (+35%); цемент клинкерлер (+13,6%); гипс (+14,4%); құрылыс ерітінділері (+6,8%).

2022 ж. қаңтар-қарашада құрылыс материалдары өнімінің экспорты 2021 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 6,4% өсті және 192,4 млн АҚШ долл. құрады.

Заттай көріністе экспорт көлемі 1 251,7 мың тоннаны құрап, 28,6% төмендеді, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1 753,2 мың тонна деңгейінде болды. Негізгі үздік экспорт елдер: Ресей, Өзбекстан және Қырғызстан.

Құрылыс материалдарының отандық нарыққа импорты 2021 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 3,6% өсуді көрсетіп, 2022 жылғы қаңтар-қарашада 1 153,1 млн АҚШ долл. құрады,

Заттай көріністе тауарлар көлемі 2021 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда 8% (3 697,4 мың тонна) төмендеп, 3 401,0 мың тоннаны құрады. Негізгі үздік импорттаушы елдер: Ресей, Қытай және Өзбекстан.

2022 жылғы қаңтар-қарашада ҚР-да құрылыс материалдары нарығының көлемі 3 117,9 млн АҚШ долл. құрады, онда ОТӨ үлесі 66%, импорт өнім үлесі – 34%.

Құндық мәндегі ең жоғары өндіріс көлемін ағымдағы жылғы қаңтар-желтоқсанда Астана қ. (жалпы өндіріс көлемінде 16,6% өңір үлесімен), Абай облысы (9,1%) және Шымкент қаласы (8,9%) құрайды.